

**2013 жылғы 13 мамырда «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы 2012 жылдағы және 2013 жылдың I тоқсанындағы қызметінің қорытындылары туралы» деген тақырыпта өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Төтенше жағдайлар министрлігін материалдық-техникалық жарақтандырудың 2014-2018 жылдарға арналған салалық бағдарламасының бекітілуін қамтамасыз етсін.

2. Ұзақ мерзім бойы сақталатын сублимацияланған тағам өнімдерін, газтұтқыштарды, хабарлау аппаратураларын шығаратын өндірістерді ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыратын болсын.

3. Өрт қауіпсіздігі мен өндірістік қауіпсіздік саласында рұқсат құжаттарын беру процесін халыққа қызмет көрсету орталықтарының жүйесі арқылы автоматтандыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Көкшетау техникалық институтының білім беру әлеуетін дамыту жөнінде шаралар қолдансын.

5. Трасса бойындағы қосымша медициналық-құтқару пункттерінің уақтылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін.